

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі N 300 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "С.Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қарамағына берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорынның жарғысын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне бекітуге ұсынсын;

2) Кәсіпорынның әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.08.2022 № 581 қаулысымен.

3) "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "С.Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 тамыздағы N 829 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 29, 386-құжат):

3-тармақ алынып тасталсын.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796; 19.08.2022 № 581 қаулыларымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі